

**<sup>1</sup>Зайсанбаев Т.Қ., <sup>2</sup>Ахметалиева Г.У.**  
*С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ,  
Тілдік пәндер кафедрасының доценті, ф.ғ.к  
Әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Қазақ тілі білімі  
кафедрасының аға оқытушысы*

## АУДАРМА МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҚУЛЫҚТАР ТІЛІ ТУРАЛЫ

**Түйін:** Мақалада орыс тілінен қазақ тіліне аударылған медициналық оқу құралының тілі сөз болған. Авторлар зерттеу нысаны етіп педиатрия факультетіне арналған оқу құралын алған, себебі бұл факультетке арналған қазақ тіліндегі оқу құралдары өте аз. Авторлар аударма барысында кеткен қателіктерге әр қырынан тоқталады. Қазақ тіліне аударылған медициналық терминдер оқулықта қалай қолданылған, терминдерді жасау кезінде қандай қателіктер кеткен, медициналық сөз тіркестері мен синтаксистік оралымдар қазақ тілінің заңдылығына сәйкес келе ме деген мәселелер жан-жақты сөз болған. Сондай-ақ аударма кезінде қазақ тіліндегі жай сөйлемдер мен күрделі сөйлемдердің грамматикалық құрылымында кеткен қателіктер де ашып көрсетілген. Авторлар осы қателіктерді жөндеудің жолдарын көрсеткен.

**Түйінді сөздер:** медициналық терминдер, медициналық сөз тіркестері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, аударма.

**Тақырыптың өзектілігі:** Қазір әлемде ғылым саласындағы байланыс жылдан жылға күшейіп келеді. Ғылым-білімі дамыған елдерде шыққан ғылыми еңбектерді, оқулықтар мен оқу құралдырын аудару арқылы білім сапасын жақсарту – бұл күндері өзекті мәселе болып отыр.

**Материалдар мен әдістер:** тақырыпқа материал болып педиатрия факультетіне арналып орыс тілінен қазақ тіліне аударылған оқулық алынды. Оқулықтар кеткен қателіктер салыстырыла көрсетілді. Осы мақсатта салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды.

Кеңес Өкіметі кезінде Қазақстанда медицина ғылымы тек орыс тілінде оқытылғандықтан, орыс тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдары жеткілікті деңгейде бар десек те болады. Еліміз тәуелсіздік алғалы медициналық оқу орындары қазақ тілінде білім беруді қолға алды. Бұл салада көптеген жұмыстар атқарылды және атқарылып жатыр. С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ғалымдары медициналық терминдерді қалыптастыруда, оқулықтар мен оқу құралдарын орыс тілінен қазақ тіліне аударуда көп еңбек атқаруда. Дегенмен бұл салада кемшіліктер де аз емес. Академик Ө.Айтбайұлы: «Бірен-саран болса да жарық көрген ғылыми еңбектерді саралап байқасақ, мынау мына ғылымның, анау ана ғылымның өзіне ғана тән қалам сілтесін, баяндау тәсілін, стильдік өрнегін танытады дейтіндей бұлтартпас айғақты мысалды табу өте қиын, яғни ғылыми стильдің ара-жігі әлі айқындала қойған жоқ» [1, 311], – дей келе, ғылым тілін, ғылыми мәтін стилін талдап беретін еңбектер жоқ екеніне тоқталады. Медициналық оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тіліне аударып жүрген дәрігерлер аудару барысында кемшіліктерге жол беріп жатады. Оның себебі қазақ тіліндегі медициналық стиль әлі қалыптаса қойған жоқ. Медициналық стиль қалыптасуы үшін қазақтіліндегі ғылыми мақалалар, оқулықтар мен оқу құралдарының саны артуы керек. Қазақша оқулықтар мен оқу құралдарын жазатындарға және аударушыларға қаржылай көмек болмаған соң бұл сала алға баспай жатыр. Оған көз жеткізу үшін Қазақстандағы маңдай алды медициналық жоғары оқу орны – С.Ж.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университетінің «Хабаршысында» қазақ тіліндегі мақалалар санына тоқталсақ жетіп жатыр. Мысал ретінде осы университет «Хабаршысының» 2017-жылғы №2-санына шыққан мақалаларды санап шықтық. «Хабаршыда» жарияланған мақалалар саны – 89, оның 14-і қазақша, 9-ы ағылшынша [2]. Қазақша жазылған 14 мақаланың үшеуі дәрілік өсімдіктер мен фармацевтика өндірісі мәселесіне арналғанын, біреуі қазақ тілінде термин қалыптастыру туралы мақала екенін ескерсек, таза медицина тақырыбында он мақала ғана жазылғанын көреміз. Мұндай жағдай «Хабаршының» барлық нөмірлеріне тән. Қазір медициналық жоғары оқу орындарында қазақ бөлімінде оқитын студенттер саны басым. Яғни, қазақ тілінде сабақ беретін оқытушылар да көп деген сөз. Онда неге қазақ тілінде жазылған мақалалар аз деген сұрақ туындайды. Оның себебі ғылыми мақала жазатын профессорлар мен доценттер Кеңес Өкіметі кезінде медициналық білімді орыс тілінде алғандар. Орыс тілінде оқып, орыс тілінде жазып дағдыланып қалған олар үйренген әдеттерінен жаңылғылары келмейді. Қазақша жазудың машақатынан қашады. Қазақша терминдердің бірізділікке түспей жатуы да, бекітілген терминдердің қайта-қайта қаралып, жиі-жиі өзгертіле беруі де қазақ тілінде мақала жазушыларға қиындық тудырады. Осындай мәселелерді ескерген С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰУ ректоры Т.С.Нұрғожин терминологиялық комиссия мүшелеріне қазақ тілінде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарына сараптама жасауды тапсырған болатын. Біздің қолымызға С.Т.Қизатованың «Жаңа туған нәрестелердің сарғаюы» («Желтухи новорожденных») (учебно-методическое пособие [М. Изд. «Литтера», 272 стр. 2015 г. Мәскеу «Литтера» б. 2015 ж. 272 б.] [3] атты оқу-әдістемелік құралы түсті. Төменде осы оқу-әдістемелік құралда кеткен кемшіліктерге санамалап тоқталамыз.

1. Көріп отырғанымыздай кітап екі тілде жазылған. Оның үстіне бұл оқу құралының алдымен орысша жазылып, кейін қазақша аударылғаны анық байқалып тұр. Оқу құралдарын екі тілде бір кітап қылып шығару дұрыс емес деп ойлаймыз, себебі орыс бөлімінің студенті оқу құралын алса, оған қазақша нұсқасының қажеті қанша. Керісінше қазақ бөлімінде студенті үшін де сондай. Ал қажеті жоқ беттер саны оқулықтың өзіндік құнын қымбаттатады.

2. Оқу-әдістемелік құралда терминологиялық комиссия бекіткен, сондай-ақ медициналық терминдер сөздігінде бар терминдер толық қолданылмаған. Мысалы, оқу құралында *новорожденный* деген термин *жаңа туған нәресте* деп аударылыпты. «Қазақпарат» баспасынан 2014-жылы шыққан «Қазақша-орысша, орысша-қазақша медициналық сөздікте» ((медицина) XIV Т.) бұл термин *нәресте* деп аударылған [4, 165]. Сондай-ақ әлдеқашан қазақ тіліне аударылып қойған *емшара, дәрумен, жылауық, дене қызуы, аспаптық зерттеу* сияқты терминдер мен терминдік сөз

тіркестері оқу құралында *процедура, витамин, киста, дене температурасы, инструментальды зерттеу* деп орысша, немесе орыс сөзімен тіркесу арқылы қолданылған. Бекітілген терминдерді қолданбау автордың да, оқу құралын талқылаған комиссия мүшелерінің де жауапсыздығын көрсетеді. Терминологиялық сөздіктер жасаумен іс бітпейді. Жасалған терминдер ғылыми мәтіндерде қолданысқа түсу арқылы бекиді, сондықтан бұл мәселеге салғырт қарауға болмайды.

3. Оқу-әдістемелік құралдағы *микросферациттарлы эритроциттарлы функциональдық* сияқты терминдер орыс тілінің сын есім тудырушы жұрнағы арқылы жасалып тұрған терминдер. Мұны ескермеген автор оған үстемелеп қазақ тілінің сын есім тудырушы жұрнағын жалғапты. Бұл терминдерге қазақ тіліндегі сын есім тудырушы жұрнақтар *микросферацитті, эритроцитті, функциялық* болып зат есім тұлғасына жалғануы керек еді. Мұндай кемшіліктер қазақша медициналық оқулықтар мен оқу құралдарында көптеп кездеседі.

4. Оқу-әдістемелік құралдың атында *туу* сөзі қазақ тілінің заңдылығына сай қолданылған, бірақ ішіндегі сөйлемдердің барлығында, мысалы *шала туылған, мерзіміне жетіп туылған* т.б. сияқты *туу* етістігі ырықсыз етіс жұрнағы (**-ыл**) арқылы қолданылған. Орыс тілінің грамматикалық заңдылығы бойынша солай болғанымен, қазақ тілінде мұндай сөз тіркестерінде ырықсыз етіс жұрнағы жалғанбайды. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша *шала туған, мерзіміне жетіп туған* болып қолданылуы тиіс. Қазақ тілінде *туған күн, туған жер, туған ел* сияқты сөз қолданыстары біздің ойымызды дәлелдей түседі деп ойламыз. Қазақ тіліндегі дәстүрлі сөз қолданысын орыс тілінің үлгісіне салып өзгерту белең алып барады. Тіпті радио, теледидарларда да «үлкен рахмет», «мен ойлаймын», «полиция қызметкерлерімен құрықталды» деп орыс тілінің лексикалық, грамматикалық құрылымымен сөйлейтін журналшылар көбейіп кетті.

5. Оқу-әдістемелік құралда грамматикалық құрылымдары қазақ тілінің заңдылығына сәйкес келмейтіндіктен, түсінуге қиындық келтіретін сөйлемдер біршама. Мысалы: *Осы мәселенің ерекше маңыздылығын мына деректер айқындайды: гипербилирубинемия нәрестелердегі орталық жүйке жүйесінің кейіннен зақымдалуымен қосарланып жүреді және кейін IQ-дің төмендеуі, нейросенсорлық кереңдік, балалардың церебралды салдануы сияқты асқынулармен дамиды.*

Бұл сөйлемді: *Гипербилирубинемияның нәрестелердегі орталық жүйке жүйесінің кейіннен зақымдалуымен қосарланып жүруі, кейін IQ-дің төмендеуі, нейросенсорлық кереңдік пен балалардың церебралды салдануы сияқты асқынулардың дамуы бұл мәселенің маңыздылығын айқындайды* деп қолданса, әлдеқайда қазақы және түсінікті болар еді.

Сөйлем дұрыс құрылмағандықтан, әрі автордың не айтқысы келгені түсініксіз болғандықтан, орысша нұсқасына жүгінуге тура келген тағы бір сөйлемге тоқталайық. Орысшасы: *Ввиду снижения функции захвата печеночных клеток часть уробилиногена попадает в общий кровоток и выделяется с мочой.* Қазақшасы: *Бауыр жасушаларының қармап алу қызметінің төмендеуін ескере отырып, уробилиногеннің бір бөлігі жалпы қан айналымына түсіп, зәрмен бірге бөлінеді* деп аударылыпты. Бұл сөйлемдегі *Ввиду снижения функции захвата печеночных клеток* деген сөз тіркесі дұрыс аударылмаған. Бұл сөйлем қазақша былай құрылуы тиіс деп есептейміз: *Бауыр жасушаларының қармап алу қызметінің төмендеуі салдарынан уробилиногеннің бір бөлігі жалпы қан айналымына түседі де, зәр арқылы сыртқа шығарылады.*

Кейде жұрнақтың дұрыс жалғанбауынан сөйлем түсініксіз болып шығады. Мысалы: ... *мұнда кейіннен билирубин диглюкуронидке айналуы мына кесте бойынша жүреді.* Бұл сөйлемдегі жатыс септігіндегі сілтеу есімдігіне (*мұнда*) **-ғы** жұрнағы жалғануы тиіс еді. Яғни, ... *мұндағы билирубиннің кейіннен диглюкуронидке айналуы мына кесте бойынша жүреді* болуы тиіс. Ал ... *өтпен ішекке түседі* деген сөз тіркесінде көмектес септігінің жалғауы емес емес, атау септігінің шылауы қолдануы керек еді, яғни *өт арқылы ішекке түседі* болуы керек.

6. Кейбір сөздердің орыс тілінде ауыспалы мағынада тұрғанын ескермеуден туған қателікке мына сөйлемді келтіруге болады. Орысшасы: *Практически у всех новорожденных на 2-5-й день жизни отмечается тразиторные повышение концентрации билирубина в сыворотке крови.* Оқу-әдістемелік құралдағы қазақша нұсқасы: *Қандағы билирубиннің транзиторлы жоғарылауы тәжірибе жүзінде барлық нәрестелердің өмір сүруінің 2-5 күнінде байқалады.* Орысша нұсқасындағы *практически* сөзі бұл сөйлемде *тәжірибе жүзінде* деген мағынада емес, *бәрінде (барлығында)* деген мағынада қолданылып тұр. Яғни, сөйлем былай құрылуы тиіс: *Нәрестелердің барлығының дерлік өмірлерінің 2-5-күндерінде қан сарысуларында билирубин шоғырлануының (концентрациясының) өткінші (уақытша) жоғарылауы байқалады.*

7. Оқу-әдістемелік құралда тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауы жиі кездеседі. Мысалы: *Гемоліздік сарғаюдың негізгі себебі эритроциттердің қарқынды гемолізі.* Бұл сөйлемде бастауыштан кейін қойылатын сызықша ескерілмеген. Дұрысы: *Гемоліздік сарғаюдың негізгі себебі – эритроциттердің қарқынды гемолізі.* Сондай-ақ реттік сан есімнен кейін дефис қойылса да, оған үстемелеп реттік сын есім жұрнағын жалғаған. Мысалы: *өмірінің 1-ші күнінде* т.б. Бұл жерде Ф.Мұсабекованың: «Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді оқу да, ұғынуда жеңіл. Тыныс белгісін дұрыс қою арқылы жазушы өз ойын, сезімін жазбаша түрде дәл жеткізеді және айтпақ ойын екінші адамдардың сондай дәрежеде дұрыс түсінуіне жәрдемші болады. Олай болса, тыныс белгілерін қалай қолдануды білу керек, әрбір тыныс белгілерін орын-орнына қоя білу керек.» [5, 22],-деген пікірін келтіре кетуді жөн көріп отырмыз

8. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы және сөйлемнің баяндауышының орнында тұрмауы сияқты кемшіліктерге тоқталайық. Мысалы: *Нәрестелердегі әрбір сарғаюдың жағдайларында анамнезді анықтау маңызды болып келеді: анасындағы резус-сәйкестік пен қан тобы, жүктілік пен босану кезіндегі инфекциялардың болуы не болмауы, ..., ... Қазақ тілінде анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады.* Бұл сөйлемде *әрбір* сөзі *жағдай* сөзінің анықтауышы, яғни *жағдай* сөзінің алдында тұруы тиіс, сондай-ақ сөйлемнің баяндауышы да орнында тұрған жоқ. Осы қателіктерді ескерсек, сөйлемді былай құрған дұрыс болар еді: *Нәрестелердегі сарғаюдың әрбір жағдайларында анасындағы резус-сәйкестік пен қан тобы, жүктілік пен босану кезіндегі инфекциялардың болуы не болмауы ..., ... сияқты анамнездерді анықтау маңызды болып есептеледі.*

Орыс тілінің үлгісімен құрылған, яғни баяндауышы сөйлемнің соңында келмеген тағы бір сөйлемге тоқталайық. *Қауіпті сарғаюдың» ерте белгілерін анықтау үшін нәрестені мұқият бақылап отыру керек:*

- баланың сыртқы келбетін және белсенділігін бағалау;
  - сору рефлексі мен төспен емізудің нәтижелілігін бағалау;
  - нәжіс пен зәрдің сипаты мен түсін бағалау;
  - бауыр мен көкбауырдың өлшемін анықтау;
- қанталаулар мен кефалогематомалардың бар-жоғын қарау.

Дұрысы:

Қауіпті сарғаюдың белгілерін ерте анықтау үшін:

- баланың сыртқы келбетін және белсенділігін;
- сору рефлексі мен емішекпен қоректендірудің нәтижелілігін;
- нәжіс пен зәрдің сипаты мен түсін;
- бауыр мен көкбауырдың өлшемін;
- қанталаулар мен кефалогематомалардың бар-жоғын бақылап отыру керек.

**Қорытынды:** Х.Досмұхамедұлының: «Білім алудың жолы көп, жолдың ішіндегі ең төтесі жақсы мектеп, білімді мұғалім, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары» [6, 48], – деген пікірі бұл күндері де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Медицина ғылымын қазақ тілінде дамыту тек дәрігер ғалымдардың міндеті ғана емес, қазақ тіліне жаны аштың тіл мамандарының да ісі. Біздің мақсатымыз – тырнақ астынан кір іздеу емес, қазақ тіліндегі ғылыми оқулықтардың сапасын арттыруға барынша үлес қосу. Қазақ тілі шын мәнінде мемлекеттік тілге айналып, ғылымынң әр саласында кеңнен қолданылуына баршамыз үлес қосуымыз керек.

**Зайсанбаев Т.Қ., Ахметалиева Г.У.**

#### О ЯЗЫКЕ ПЕРЕВОДНЫХ УЧЕБНИКОВ ПО МЕДИЦИНЕ

*В статье написано о языке медицинского учебного пособия, переведенного с русского языка на казахский язык. Авторы взяли в качестве объекта исследования учебное пособие для педиатрического факультета, так как для этого факультета очень мало учебных пособий на казахском языке. Авторы останавливаются на ошибках, допущенных в ходе перевода. В учебнике подробно освещались вопросы о том, как использовались переведенные на казахский язык медицинские термины, какие ошибки допускались при составлении терминов, соответствует ли закономерности казахского языка медицинским словосочетаниям и синтаксическим оборотам. Также при переводе выявляются ошибки в грамматической структуре простых и сложных предложений на казахском языке. Авторы указывали пути исправления ошибок.*

**Ключевые слова:** медицинские термины, медицинские словосочетания, порядок слов в предложении, перевод.

**Zaysanbayev T.K., Akhmetaliyeva G.U.**

#### METHODOLOGY FOR TRANSLATING MEDICAL TEXTBOOKS

*The article describes the language of the medical textbook translated from Russian into Kazakh. The authors took as an object of research a textbook for the pediatric faculty, since there are very few textbooks in Kazakh language for this faculty. The authors dwell on the mistakes made during the translation. The textbook covered in detail the questions of how medical terms translated into Kazakh were used, what mistakes were made in the compilation of terms, whether the laws of the Kazakh language correspond to medical phrases and syntactic turns. Also, when translating, errors in the grammatical structure of simple and complex sentences in the Kazakh language are revealed. The authors indicated ways to correct errors.*

**Keywords:** medical terms, medical phrases, word order in a sentence, translation.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013-ж., 400-б.
- 2 ҚазҰМУ Хабаршысы (Ғылыми-практикалық журнал) №2, 2017 ж. – 398 б.
- 3 Қизатова С.Т. Жаңа туған нәрестелердің сарғаюы. М. «Литтера» баспасы. 2015 ж. 272 б.
- 4 Қазақша-орысша, орысша-қазақша медициналық сөздік XIV Т., (медицина), Алматы, «Қазақпарат баспасы». – 2014 ж. – 532 б.
- 5 Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, «Ана тілі», 1991 ж. – 128 б.
- 6 Досмұхамедұлы Х. Аламан, «Ана тілі», 1991 ж. –384 б.